

## ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Бұл қала – Ұлыбританияның әкімшілік-саяси бөліктерінің бірінің астанасы  
 А. Дублин  
 В. Рейкьявик  
 С. Билфаст
2. Британияны нормандиялық жаулап алу жеңісін айқындаған шайқасқа атау берген елді мекенді ата  
 А. Гастингс  
 В. Дувр  
 С. Льюис
3. Вильгельм I Жаулап алушы кезінде жасалған, соның негізінде салық мөлшері айқындалған жер иеліктерінің санағы қалай аталды?  
 А. Ызғарлы сот кітабы  
 В. Қызыл кітап  
 С. Жер кітабы
4. Плантагенеттер династиясының екі тармағы өкілдерінің арасында билікке талас қалай аталды?  
 А. Жүзжылдық  
 В. Отызжылдық  
 С. Қызыл және Ақ раушандар соғысы
5. Қызыл және Ақ раушандар соғысының аяқталуы қай жаңа корольдік династияның саяси майданға шығуына негіз болды  
 А. Тюдорлар  
 В. Стюарттар  
 С. Виндзорлар
6. Атлант және Тынық мұхиттарын қосып тұрған бұғаз қай атақты қарақшының құрметіне аталған болатын  
 А. У. Релли  
 В. Р. Гренвилл  
 С. Ф. Дрейк
7. Орыс патшаларының қайсысы белгілі бір жағдайларда «Ұлыбритания адмиралы болуды қалаған еді»?  
 А. Александр I  
 В. Петр I  
 С. Қаһарлы Иван IV
8. Травальгар шайқасы қай бұғазда болып өтті  
 А. Босфор  
 В. Ла-Манш  
 С. Гибралтар
9. Травальгар шайқасы барысында адмирал Нельсон басқарған флагман кемесі қалай аталған?  
 А. «Ника»  
 В. «Виктори»  
 С. «Аврора»
10. Королева Виктория шоқыну кезінде Александрина есімін алған. Бұл есімді кімнің құрметіне алған?  
 А. Александр Македонский  
 В. Александр I Романов  
 С. Александр Невский

## ӘДЕБИЕТ

11. А. Конан Дойлдың повесіндегі Баскервили регінің атақонысы қай графтықта орналасқан?  
 А. Кент  
 В. Девоншир  
 С. Корнуолл
12. Р. Стивенсонның «Қазыналар аралы» романының кейіпкерлері саяхатқа аттанған кеме қалай аталды?  
 А. «Англетер»  
 В. «Эспаньола»  
 С. «Франсуаза»
13. Робинзон Крузоның күнделігіндегі жазбалар бойынша қай оқиға 1660 жылдың 17 сәуірінде болған еді  
 А. Өрт  
 В. Қатты құйын  
 С. Жер сілкіну
14. Алисамен әңгімелесушілердің бірінің пікірінше, ол оқыған мектеп онша жақсы болмаған, өйткені ол мектепте қай қосымша пән оқытылмайын еді  
 А. Драматика  
 В. Сырғанау  
 С. Кір жуу

15. Қай кейіпкер Мәскеу патшасына қарағанда қуатты патша болғандығын әңгімелеген  
 А. Гулливер  
 В. Робинзон Крузо  
 С. Флинт
16. Дж. Свифтің кейіпкері Гулливер ойдан шығарылмаған қай елге сапар шеккен?  
 А. Франция  
 В. Қытай  
 С. Жапония
17. Ж. Верннің романындағы капитан Гранттың кемесі қалай аталған?  
 А. «Дункан»  
 В. «Британия»  
 С. «Шотландия»
18. Қай автордың өлеңдерін есімдіктер қызметшілер болған  
 А. Р. Киплинг  
 В. О. Уайлд  
 С. У. Блейк
19. Қай кейіпкер өзін шағатын шыбын, аюлардың досы және бүркіттердің қонағы атайды  
 А. Маугли  
 В. Бильбо Бэггинс  
 С. Жолбарыс
20. А. Конан Дойлдың «Ала таспа» әңгімесіндегі Шерлок Холмс мистер Ройлотт иген металл затты жақсы майыстырған. Бұл...  
 А. кесеу  
 В. сүймен  
 С. шымшуыр

## ҚЫЗЫҚТЫ ФАКТІЛЕР

21. Уимблдон теннис турнирі – бірден-бір Үлкен шлем турнирі, оның өткізілетін орны...  
 А. жер кортында  
 В. шөп кортында  
 С. паркетте
22. Көп ғасырлар бойы Темза бастауы қасиетті саналған. Оны қандай ағаш қорғап тұрған?  
 А. Емен  
 В. Шетен  
 С. Қарағаш
23. Англияда О. Кромвель билік құрған кезде біраз уақыт қандай мейрамға тыйым салынып келген?  
 А. Ризашылық күні  
 В. Рождество  
 С. Игілік мерекесі
24. Бостонда 1773 жылы дәл қай тауарды жою колонистер мен британдық үкімет арасындағы дау-дамайдың күшеюіне негіз болды  
 А. Жүн  
 В. Шай  
 С. Темекі
25. Қай рәсім Лондон Тауэрде 700 жылдай уақыт белгілі бір уақытта өткізіліп келеді  
 А. Монархқа тәж кигізу рәсімі  
 В. Кілт тапсыру рәсімі  
 С. Өлім жазасы
26. Қандай өсімдік Әулие Патрик күнінің символы болып есептеледі?  
 А. Қалақай  
 В. Ошаған  
 С. Су беде (жоңышқа)
27. Алғашқы почта маркасында қай патшайым бейнеленген?  
 А. Виктория  
 В. Елизавета I  
 С. Елизавета II
28. Қай көпір королева Елизавета II 25-жыл басқару құрметіне арнайы қызыл, ақ және көк түстерге боялған  
 А. Тауэр көпірі  
 В. Ватерлоо көпірі  
 С. Лондон көпірі
29. Англияда қай тағам дәстүрлі рождестволық басытқы болып табылады?  
 А. Кілегей қатық  
 В. Наполеон  
 С. Мейіз пудингі

30. Тарихтағы ең қысқа соғыс бір сағатқа дейін созылған, ол Ұлыбритания мен қай елдің арасында болған соғыс?  
 А. Занзибар  
 В. Зимбабве  
 С. Замбия

## ЛОНДОН

31. Лондондағы қай саябақта кез келген адам жұртшылық алдына шығып сөз сөйлей алатын «шешендік бұрыш» орналасқан  
 А. Гайд-парк  
 В. Сент-Джеймс саябағы  
 С. Буши саябағы
32. Қай сарайда британия монархтарының ресми резиденциясы мен бас басқармасы орналасқан?  
 А. Виндзор  
 В. Букингем  
 С. Вестминстер
33. Скотланд-Ярд деп мынаны атайды  
 А. Шотландия өкілдігін  
 В. полиция штаб-пәтерін  
 С. геодезия департаментін
34. Мадам Тюссо мұражайы – қандай мұражай?  
 А. балауыз мүсіндері  
 В. музыкалық аспаптар  
 С. декоративтік-қолданбалы өнер
35. Бейкер-стритте қай жазушының ойдан шығарған ұлы тыңшы өмір сүрген  
 А. А. Кристи  
 В. Дж. Чейз  
 С. А. Конан Дойл
36. Лондон Гринвич елді мекенінде не орналасқан?  
 А. Скотланд-Ярд  
 В. Трафальгар алаңы  
 С. Теңіз мұражайы
37. «Лондон көзі» - бұл...  
 А. шолу шеңбері  
 В. полиция штаб-пәтері  
 С. обсерватория
38. Бұл Лондон ғибадатханасы дәстүрлі түрде британдық монархтарға тәж кигізу орны болып табылады  
 А. Вестминстер аббаттығы  
 В. Әулие Павел шіркеуі  
 С. Кентерберий шіркеуі
39. Қазір бұл мұражай, бірақ кезінде оның аумағында арсенал, хайуанаттар бағы, монета ауласы, түрме орналасқан.  
 А. Уайтхолл  
 В. Британия мұражайы  
 С. Лондон Тауэр
40. Бұл көркем мұражайда XVI-XX ғғ. британия өнерінің өлемдегі ең ірі жинағы сақталған  
 А. Британия мұражайы  
 В. Ұлттық галерея  
 С. Тейт галереясы

## АРХИТЕКТУРА

41. Бұл шіркеудің органистерінің бірі Г. Перселл болған  
 А. Бристоль шіркеуі  
 В. Кентерберий шіркеуі  
 С. Вестминстер аббаттығы
42. Бұл қамалда британия тәжісінің қазыналары сақталған  
 А. Стерлинг  
 В. Лондон Тауэр  
 С. Камелот
43. Қай қамал рим қамалының үйінділеріне салынған  
 А. Фонмон  
 В. Кардифф  
 С. Раглан



41



42



43



44. Лондонның қай әкімшілік округінде (боро) осы қақпа бар

- A. Вестминстер  
B. Кройден  
C. Гринвич

44



45. Қай қамал Па-де-Кале бұғазының жағалауында орналасқан

- A. Эдинбург қамалы  
B. Стерлинг қамалы  
C. Дувр қамалы

45



46. Қай қамалда Валлиялық корольдік мөргендер мұражайы орналасқан

- A. Харлек  
B. Карнарвон  
C. Бомарис


46



47. Қай қамал сөнген жанартау орнында салынған

- A. Эдинбург қамалы  
B. Стерлинг қамалы  
C. Виндзор қамалы

47



48. Бұл әлемдегі ең ірі жұмыс істеп жатқан патша сарайларының бірі

- A. Вестминстер  
B. Букингем  
C. Сент-Джеймс

48



49. Бұл сарайдың ең биік мұнарасы кімнің атымен аталған?

- A. әулие Томастың  
B. королева Викторияның  
C. король Эдуард III

49



50. Қай мұражайға батыс еуропа суретшілерінің картиналарының топтамасы қойылған

- A. Британия мұражайы  
B. Лондон Ұлттық галереясы  
C. Тейт галереясы

50



#### КӨРНЕКТИ ТҰЛҒАЛАР

51. Қай патша католик шіркеуінен кетіп қалған

- A. Жаужүрек Ричард I  
B. Жаулап алушы Вильгельм I  
C. Генрих VIII

51



52. Қай мемлекеттік қайраткер 1653-1658 жылдар аралығында Англияның, Шотландияның және Ирландияның лорд-протектор лауазымын атқарған

- A. Ричард Кромвель  
B. Генерал Веллингтон  
C. Оливер Кромвель

52



53. Мына сөздер кімнің қаламынан туындаған: «Ақыл мен намыс күллі әлемде бірінші орынға шығатын күн де, сағат та туар»

- A. Дж. Китс  
B. Р. Бернс  
C. Дж. Байрон

53



54. Қай монарх Лондонда 1649 жылы өлтірілді

- A. Яков I  
B. Карл I  
C. Карл II

54



55. Қай монарх 9 жасында таққа отырған

- A. Георг III  
B. Эдуард VI  
C. Карл II

55



56. Қай актерге, мылқау кино шеберіне ескерткіш Лондонда орнатылған. Ол кім?

- A. Ч. Чаплин  
B. У. Дисней  
C. Ф. Дуглас

56



57. Қайпатшайымның ұлы Саксен-Кобург-Гот династиясының алғашқы британдық монархы болған

- A. Виктория  
B. Елизавета I  
C. Елизавета II


57



58. Қай ғалым Вестминстер аббаттығында жерленген

- A. И. Ньютон  
B. Дж. Локк  
C. Ф. Бэкон


58



59. Қай ғалым 1831-1836 жылдар аралығында жер шарын аралап шыққан

- A. И. Ньютон  
B. Ч. Дарвин  
C. Дж. Локк


59



60. Қай жазушы Рождество мерекелеріне арналған шығармалар циклін жазған

- A. У. Теккерей  
B. Ч. Диккенс  
C. Р. Киплинг

60



5-6 СЫНЫПТАР

ҰЛЫБРИТАНИЯ

"THE LAND OF HOPE AND GLORY"

17-20 АҚПАН 2012



2012 жылғы «Золотое руно» ойын конкурсы Ұлыбританияға арналады. Конкурстық тапсырма тақырыптық бөліктерге бөлінген 50 сұрақтан тұрады. Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет.

Жауапты таңдау үшін жауаптар бланкінде таңдап алынған нұсқаның тұсына белгі қою қажет. Жауапсыз қалдырылған сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Олар компьютерге салынып өңделетіндігін естен шығармаңыз, сондықтан қандай да бір түзетулер мен жөндеулер ақпаратты бұрмалау болып табылады. Толтыру үлгілері бланктерде берілген.

Конкурс туралы ақпарат [www.runodog.ru](http://www.runodog.ru) сайтында жарияланған. Дұрыс жауаптары 2012 жылдың наурыз айында жарияланады.

Сәттілік тілейміз!

